

Ел аузында кен тараған түсінік бойынша Отырарда отыз баб болған. *Арыстанбаб*. Арыстанбаб немесе Арсланабаб атты лақап екі сөзден тұрады. «Арыстан, арслан» – «үлкен, зор» дегенді білдірсе, «баб» – «капта» деген мағынаны білдіреді. Яғни Арыстанбаб – «діннің үлкен қақпасы». В.В.Бартольдтың айтуынша, түркі елінде «баб» деген тіркес ислам дінін таратушылардың есімдеріне қосылған [1].

Арыстанбаб кабірінің Отырарда жатқаны, оның қасында карахан-дыктар аультінін бір өкілінің жерленгені жөніндегі мәліметтерді «Насаб-наманың» Арыс нұсқасынан кездестіреміз: «Абд ар-Рахман-Қылыш Арслан хан ұлы Шах Қасым, лақабы Санжар хан, оның ұлы Шах Абдлаһ, лақабы Арслан хан, 50 жыл патшалық қылды. Тағаста Ғайып

Байсариева Г.О. Ата ғылыми қызметкер. Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейі

## ОТЫРАР АУДАНЫНДАҒЫ КИЕЛІ ОРЫНДАР

1. Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздік дәуірі. – Астана, 2017. – 508б.
2. Қуанышев Ж. Жасампаздық дәуірі. // «Егемен Қазақстан» газеті, 11 қантар 2018 жыл, №7(29238).
3. Сыдықов Б.Ш., Ахмет С.З., Есжан Е.Ә. Көне Отырардың өркендеуі. Альбом кітап. - Шымкент: ЖШС "Кітап", 2011. - 224б.
4. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 2003. - 288 б.
5. Назарбаев Н.Ә. Ұлы Даланың жеті қыры. // «Егемен Қазақстан» газеті, 21 қараша 2018 жыл, №223 (29454).
6. Отырар жерлері. Айтханов К., Жұмашев А. - Шымкент. "Шын" Баспаханасы, 2018. - 304 б.

Пайдаланылған әдебиеттер:

Қазіргі қоғамдық өзгерістерге байланысты музейлерге деген сұраныстар өсуде. Бүгінгі күні тәуелсіздік алғаннан бері елімізде жүріп жатқан күрделі мәдени үрдістер қарқынды мәдени-ағарту мекемелері жүйесіндегі музейлердің жұмысынан айқын көрініс табуда. Осы орайда Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейі де өз міндетінде жана бағдарламаларға сәйкес жұмыстар атқарып келеді. Республикамыздың бірнеше аймақтарында көптегі көрмелер ұйымдастырып, конференцияларға, семинарларға қатысып, ғылыми экспедицияларға шығып отырады. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жандандырыуда музейдің «Археология бөлімі», «Тарихи ескерткіштерді қорғау бөлімі», «Қор сақтау бөлімі», «Этнография, әдебиет және мәдени-көпшілік іс-шаралар бөлімі», «Реставрация және консервация бөлімдерінің» қызметкерлері нәтижелі еңбектер атқарып келеді. Туризмді дамытуда музейдің экспозициялық объектілері болып табылатын заманауи технологиялармен жабдықталған музей экспозициясы, Арыстан бап кесенесі, ашық аспан астындағы Отырартабы және қоғаммен байланыс бөлімі» таныстыру жұмыстарын үш тілде жүргізеді. Көне Отырар жерінің тарихи ескерткіштерін тамашалаушылардың саны жылдан-жылға көбеймесе, азайған емес.

Қорыта айтқанда, толағай табыстар мен іргелі істерге толы, қиындығы мен ауыртылығы қатар жүретін әр жылғы тарих жылымыз тарих жылынамызға тандай басылып тіркелуде. Келешектегі «Мәңгілік елге» айналар қазақстандық әрбір азаматтың ой-өрісі кенейіп, ізгілікті іс-қимылы заман талабына сай ілгерілей отырып, өркеніетке бағытталған танымсыз тіршілік жылдары ретінде өтіп жатқанына куә болып келеміз.

(этнографиялық, жоғары дәрежелі 60 орындық қонақ үй, сквер т.б.) құрылысы салыну қолға алынды.

Ата атанды. Оның ұлы Мұхаммад хан, лақабы Татика хан, кабірі Отырарда, Арслан-баб аяғында...»[2]. Арыстанбаб кабірінің орны Отырар қаласының қай бөлігінде екенін көрсететін мәлімет те жоқ емес. Қожа Ахмет Йасауидің Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейінің қор бөлімінде сақтаулы тұрған «Дивани хикметінің» екі қолжазба нұсқаларында (КП 7740 және КП 6831) Арыстанбаб кабірінің орны нақтылана түседі.

3. Жандарбек казіргі қазақшаға аударып бергені:

Жүріп кетті Арыстан Баб, Отырар барып тоқтады  
Ақыр онда қалды ол, Бабтар бабы-Арыстан Баб.  
Қабұғ Йаруғ алдында, қорғанның қыбла жағында,  
Маккатуллах жолында, Бабтар бабы – Арыстан Баб.  
Оң жағында Лашын Баб, сол жағында Қарға Баб.

Өлең жолдарында көрсетілгендей Арыстанбаб кабірі қала орталығынан оңтүстік-батыс бағытта – «қорғанның қыбла жағында, Маккатуллах жолында». Ол «Қабұғ Йарық» алдында орналасқан. Бұл казіргі Арыстанбаб кесенесінің орналасқан жерімен сәйкес келеді.

**Лашынбаб пен Қарғабаб.** Молла Мұхаммед Садық Сапабекұлы жазған «Түркістандағы тарихи зийарат» атты қолжазбасында Арыстанбаб мазаратындағы әулиелер туралы құнды мәліметтер келтіріледі: «Отырар деген жер – Арыстан Бабтың күмбезі тұрған жер. Сыр суының күн шығыс жақ жағасында – мұнда отыз әулиенің шаһарі болған ... Малик-и Балқийа дейтін түркістандық Абд ал-Халимнің зийараты Арслан Бабтың күмбезінің оңтүстігінде. ... Абд ал-Халик ханның зийараты да сонда, «Отырарда отыз баб» атанған... Арслан Баб күмбезіне торғай ұқсас екі кішкене құс келіп жүреді. Сәрі уақта бір қарға, бір лашын келіп кетіп жүреді. Қарға Баб, Лашын Баб деген екі халифасы бар»[3].

Осы хабар бізге Арыстанбаб кесенесі ішінде жатқан шағын кабірлер Жоғарыда келтірілген Қожа Ахмет Йасауидің «Дивани хикметіндегі» жолдарда Лашынбаб пен Қарғабабтың кабірлері аталады.

**Сопы Данышпан кабірі.** Сопы Данышпан атты шағын төбешік Арыстанбаб кесенесі мен Отырартөбе арасында, тас жолдың күншығыс жиегіне жақын тұр, бұл Сопы Данышпанның жерленген орны болып табылады. Сопы Данышпан (ескі деректерде Суфи Мұхаммед Данишменд) Қожа Ахмет Йасауидің белгілі шәкірттерінің бірі. Сафи ад-дин Орын Қойлақының «Насаб-нама» атты шежіресінде: «...Суфи Мухаммад Данышманд Зарнуки келді. Қожа Ахмад Йасауидің хизматларында 40 жыл хилуат қылды. Анда кедін шайх Ахмад Йасауи Суфи Мухаммад Данышмандга ижазат берді: «Барғыл Отрарда суфра туткил», – деб айтды. Суфи Мухаммад Данышманд Отрарда 40 жыл суфра тутди»[4]–делінген. Яғни XII ғ. аяғында Сопы Данышпан Отырар қаласында сопылардың көшбасшысы болған. Туған жері Отырар алқабындағы Зернук қаласы. Монғол әскері келгенде ол өзі туған қаласына араша болып, өз еркімен қақпа есігін ашуға көндіріп, тұрғындарын аман алып қалған[5]. «Насаб-нама» нұсқаларында Сопы Данышпанның 93 жыл өмір сүргені жазылады[6]. Сопы Данышпан Қожа Ахмет Йасауидің айтқандарын жинақтап қағазға түсіріп, «Көңілдің айнасы» (мират-ул кулуб) атты рисала қалдырды. Осы еңбектің бір нұсқасы Швецияның Упсала қаласындағы университет кітапханасының ескі жазбалар қорында сақтаулы тұр. Ол Түркияда казіргі қазақ тіліне аударылып басылған[7].

**Сопыхана.** XIII ғ. екінші жартысында өмір сүрген парсы тарихшысы Ала ад-дин Ата Мәлік Жувейни (1225–1283 жж.) «Тарих-и джахангуша» деген еңбегінде «Отырар ойраны» мен монғол әскерінің Отырарды басып алуын баяндаған бөлігінде Отырар қаласының Сопыхана (Суфихана) қақпасын атайды. «Ежелгі Отырар» кітабының

авторларының пікірінше, Сопыхана какпасы Отырардың батыс жағындағы Арыстанбаб кесенесіне қараған қақпа орнына сәйкес келеді. Ал Сопыхана атты құрылыс орны қай жерде деген сұраққа жауап беретін мәлімет «Насаб-нама» нұсқаларында кездеседі: «Софы Мұхаммад Данышмандтың қабірі Отырарда, Софыханнада, Софы хананың жер-суын үш жүз қызыл алтынға елден сатып алып, Софы Мұхаммад Данышманд ханнақаға уақыф қылды. Қай Тегін Софы Мұхаммад Данышмандқа «Шайхым, Атамсыз» деп Шеттің жер суын берді». Яғни Софы Данышпан жерленген орын Сопыхана болса, онда қазір Софы Данышпан аулие деп жүрген орын Сопыхананың бір бөлігі деп жорамалауға болады.

Сопыхана деп сопылар тұратын жайды атаса керек.

**Бесторанғыл** қасиетті орындар санатында болған, оның айналасында ескі қорым бар. Ө.Жәнібековтың «Уақыт керуені» кітабында Бесторанғылдың пайда болуын түсіндіретін аңыз келтіріледі: «Қырық күннің ішінде Ақарықты қазып, Арыс суын Бөгенге акеп құйып, арнасын толтырады. Сол жігіттің арпы-ашып, кетпегеніне сап жонған жерінде ағаш жанқасынан өсіп шыққан бес торанғыл әлі күнге дейін жайқалып тұр...». Сортан жерде Қызыл кітапқа енген торанғылдың өсіп тұруы шынымен танғалдыратын жағдай. Ө.Жәнібеков осы орында мынадай сипаттама береді: «Ағаш бұтақтарына байланған шүберектерді көргенде «киелі» жерлерді қастер тұту дәстүрінің әлі де ұмыт қалмағанын сездік... Сол жерде киелі белгісі ретінде жылқының бас сүйегі сырықтың басына ілінгі. Аялда құрбандыққа мал шалатын жер, тұрыптық дем азирейтін ошак та бар» [8]. Шәуілдір аулы тұрғыны, зейнеткер Етемжар Жанғабдылы баяндауында: «Арықты қазып келе жатқанда Шәмшідің кетпегенін сабы сынып қалады. Сыңған сапты лақтырып жібереді. Сол кетпен саптан «бес торанғыл» деген ағаш көбейіп, осы күнге дейін неше фасыр өткен-кеткенге көлеңке болып тұр». Д.Н.Люшинның 1913 ж. мақаласынан бесторанғыл ағашының қасиетті болып есептелгенін анағару қызы емес: «...многочисленные мазарки и мечети на берегах Сыра с окружающими их священными туранговыми рощами...».

**Қағаната** Батпақалдан Батысқа қарай 1,5 км. Қашықтықта орналасқан кесене орны. Қазақстанның археологиялық картасында ортасырылық қалашық қасында қыптан тұрғызылған кесенелер қалдықтарының сақталғаны айтылады. О.Дастановтың атеистік кітапшасында мынадай мәлімет беріледі: «XIV-XV ғасырларда Ибраһим шейх Қағаната билеген қаланың орны бар. Осы төбенің басындағы үлкен түп ағашты сол манның тұрғындары қие тұтып, оны Қағаната деген аулие деп табынып келген. Әуесхан деген қожамеденің Қағаната арнаған назарды алып тұрады. Ағашта байланған шүберектер де ұзылмейді. Осындағы мектеп-интернаттың мұғалімі тарихшы Алтаев жолдас жұрт сыбынып жүрген бұл «аулие ағашты» зерттеу мақсатымен түбін қазғанда дүірменнің діңгегіне қондырған ағаш болып шығады. Астынан ешқандай адамның сүйегі табылмаған». Бұрынғы кесенің кезінде бұзылған кесене орнына XX ғ. 90-шы жылдары жанадан ғимарат тұрғызылды.

Өлкетанушы Батпахан Әлтай жария еткен мәліметтерге қарағанда Қағаната ата – Ысқақ Баптан таратқан, төл аты Ыбырайым Шайық Қағаната деген кісі. Ол жөнінде бірнеше аңыз ел аузында сақталыпты: Жаугершілік заманда ел азаматтары соғысқа аттанып кетіп ауылда қатын-қалап, бала-шата ғана қалады. Шынырау құдықтан су шығарудың өзі үлкен қиыншылық тұғызыпты. Сонда Ыбырайым Шайық Қағаната «Бисмилла» деп Алғата сыбынып, дұға қылғанда шынырау түбіндегі су көтеріліп, етіске жөнкіп ала жөнелді. Дезде ауыл сыртында кішігірім көл пайда болады.

Ыбырайым Шайық Қағаната дүниеден өтерде қолтасуға келген ел ағаларына өз мүддесін Түркістанға жерлеуді өсиет етеді. Сонда жерлестері: Қағаната халқы, тақсыр, өткел бермес. Сырдариядан қалай өтеміз деп дап болады. Сырдан өтерде «Алла сәтін сағар», – депті Қағаната ата. Баба сүйегін елге жеткізушілер Сырдария жағасына келгенде Сыр өзені кілт тоқтап, табытты ұстаушылар арғы бетке өте шығады. «Аққан дариая жол берген Ыбырайым Шайық Қағаната» деген содан қалған деседі.

**Икрамата мешіті.** Балтакөл мекенінен шығысқа қарай, Түркістанға баратын жол бойында орналасқан мешіт аты. 1994 ж. «Қазақстанның тарихи және мәдени ескерткіштер жиынтығы. Оңтүстік Қазақстан облысы» атты энциклопедиялық басылымда Икрам ата мешіті XIX ғ. ескерткіші деп қате берілген. Өлкетанушы Адамасқан Алтаевтың 1989 ж. біздің өтінішімізбен жазып берген мәліметіне назар салсақ: «1910 ж. Балтакөл-дің халқы Ақтас (Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы) атты жерден Қасым Ишанды көшіріп әкеледі. Сауат ашу мен дінді жүргізу үшін дарияның жағасынан мешіт тұрғызады. 1914 ж. қайтыс болған Қасым Ишанның баласы – Икрам Ишанның жігіт кезінде ыза судан мешіт құлайды». 1926 ж. Икрам Ишанның ұйымдастыруымен қоныраттың көтен, божбан, жетімдер руларынан, қанды руынан жиналған ақшаға мешіт тұрғызылған. Гимарат Икрам ата құрметіне аталған».

**Қарақатамоласы** Мұрынқарак тауының басында орналасқан. Ол жөнінде тұңғыш жазған Н.В.Руднев болды: «Высшая точка горы Карак-Тау занята могилой Карак-Ата («отца воров»), пользующегося среди киргизов за доблесть похороненного в ней их сородича особенным уважением; над могилой, в виде памятника, навалена груда камней до 2 сажень вышины ...»[9]. Н.В.Руднев осы ескерткіш айналасында басқа да тастан соғылған ескерткіштер барын айтады.

**Найман әулие.** Бөген өзеніне таяу жерде Ақарықтың қасындағы қырда Найман әулие атымен аталатын кесене тұр. Найман әулиеге көрші орналасқан Бестораңғылда қазір шырақшы қызметін атқарып келе жатқан Отаровтар Найман әулиеге жерленген кісінің аты Наурызбай болған деген мәлімет береді. 1994 ж. «Қазақстанның тарихи және мәдени ескерткіштер жиынтығы. Оңтүстік Қазақстан облысы» атты энциклопедиялық басылымда аталмайтын осы сәулет өнері ескерткіші хақында алғаш мәлімет 2002 ж. «Айғақ» газетінде жария етілді[10]. Кесене жоспарда төрт бұрышты, ауданы 4,6м x 4,5м x 4,7м x 4,5м. Биіктігі шамамен 6 м. Төбесі күмбезді етіп қыштан өрілген. Кесене қабырғаларының сырты күйдірген кірпіштен, ішкі бөлігі қам кесектен тұрғызылған. Құбыла бағытындағы сыртқы қабырғада ені 60 см ойық-есік бар. Есіктің үстіңгі жағы сопақша қыштардан иіліп өрілген. Кесене қабырғалары сыртынан қыштарды қырынан құлата қойып өрнектеген. Бұл кесенеге ерекше сымбат беріп тұрады. Өкінішке орай, ескерткішке ерекше сән беріп тұрған бұл өрнекті қалаудың едәуір бөлігі мүжіліп құлаған. Құрылыстың ішкі бөлігі сыртымен салыстырғанда жақсы сақталған. Найман әулие кесенесінің құрылыс ерекшеліктеріне қарап оны XIX ғ. гимараты деп санаймыз. Жергілікті әңгімелерге сүйенсек, осы өңірде найман ауылдары болған. Кесене айналасында шағын қорымда найман руы өкілдері жерленген. 1872 ж. Түркістан статистика комитетінің №1 жинағында жарияланған Шымкент оязындағы Түркістан ауданындағы қазақ болыстары жөніндегі мәліметтерде найман руының ауылдары Қызылқұмда, Сыр бойында, Қарасенгірде қыстайтыны көрсетіледі.

Мүрдесі Қарғалы ауылына жақын жатқан **Қышқышбаб** туралы мүлде мәлімет жоқ. Аттары әдебиетте кездесетін **Алашабаб**, **Абд ал-Халим**, **Қыз әулие** жөнінде мәліметтер мардымсыз.

#### Әдебиеттер:

1. Бартольд В.В. Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии // Сочинения. Т.У. М., 1968. С. 118.
2. Жандарбек З. «Насаб-нама» нұсқалары және түркі тарихы. Алматы, 2002. 59 –б.
3. Ясауи тағылымы. Түркістан, 1996. 125 –б.
4. Сафи ад-дин Орын Қойлақы. Насаб-нама. Қолжазбаны транскрипциялаған және кіріспе мен көрсеткіштерді дайындағандар Ә.Қ. Муминов, З.З.Жандарбек. Түркістан, 1992. 29 –б.
5. Рашид ад-дин. Сборник летописей. Т.І. Кн. 2. М. –Л., 1952. С.204.
6. Жандарбек З. «Насаб-нама» нұсқалары... 136 –б.

7. Әзірет Сұлтан Қожа Ахмет Ясауи. Көңілдің айнасы (мират-ул қулуб). Дайындаған: Досай Кенжетай. Анкара, 2000.
8. Жәнібеков Ә. Уақыт керуені... 21-6.
9. Руднев Н.В. Заброшенный уголок // Туркестанские ведомости. 1900. № 17, 27 февралі.
10. Қожа М. Найман әулие кесенесі – байырғы сәулет өнерінің беймәлім болып келген ескерткіші // «Айтақ». 2002, 17 шілде.

## ТҮРКІСТАННЫҢ ҚАЗАҚСТАННЫҢ РҰХАНИ ОРТАЛЫҒЫ РЕТІНДЕГІ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ

Абдурахитов Ерқожа Сейтжаппарұлы,  
Отырар мемлекетік археологиялық қорық-музейінің кіші ғылыми қызметкері, философия  
ғылымдарының магистрі

Түркістан - күллі түркі әлемі кие тұтар қара шанырақ. Түркістан – мұқым түркі жұртының темірқазығы, түркі мұсылмандығының ордасы, алты Алаштың жүрті. Түркістан – бабалар қалдырған киелі аманат, асыл дінгеріміз, рухани кіндігіміз. Тарихшылар Түркістанды – ұлы қала деп атайды. Ұлтымыздың рухани құндылықтары тоғысып, қазақ мемлекетінің іргесі қаланған екінші Мекке. Түркістан ежелден теңдік пен әділеттікке, тыныштық пен рухани бірлікке, әлемдік бейбітшілікке үндейтін, ынтымағы ұялаған жер. Алауыздықтың салдарынан жауынан жеңілген сәттерде Түркістанға келіп, арыққа тазым етіп, есін жинап, ынтымақ тапқан, Алладан мәдет сұрап, күш-жігер жинап, бас біріктіріп, жауға қайта шапқанда жеңіске жетіп отырған. Міне, бұл елдіктің, бірліктің белгісі еді. Ер енесін көтеріп, елдікке жеткізген Түркістанды тебәрік Шаһар дейміз.

Түркістан - түркі әлемінің мәдени астанасы. Еуразия кіндігінде орналасқан, Ұлы Жібек жолының дархан даласына айналған өлке де ертеден қалалар бой көтеріліп, мәдени ошақтар салынды. Фажайыбы сырға толы өзен-көлдер мен тау-тастар, ормандар мен шөлейттер массиві тарихи кезеңдердің куәсі болды. Осы орайда Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Әрбір халық, әрбір тәуелсіз мемлекет өзінің рухани орталығын нақтылап алуы керек. Қазақстанның рухани орталығы-Түркістан», - деген болатын. Түркістан-Орта Азия мен Қазақстан халықтарының материалдық және рухани өмірінде маңызды орын алған киелі өлке. Оныңшығарында "Шауғар", "Насы" деген атпен әйгілі қаламыз кейіннен "Түркістан" деп аталды. "Түркі" сөзі түпкі мағынасы- "батылдық", "ер жүректі" деген ұғымды білдіреді. Ал "стан" - ел, халықтық атаулары жағнасып келетін парсы тілінен енген сөз. Сонда "Түркістан" атауы - "Батырлар елі" ұғымын айтқатайды. XIX ғасырға дейін Түркістан - қаза хандығының ресми әкімшілік орыны ретінде қызмет етті. "Түркістан" десе елден етпейтін мұсылман қауымы жоқ. Өзінің "Даналық кітабымен" әлемге танылған әулие бабамыз Қожа Ахмет Ясауидің есімін Түркістаннан немесе керісінше, Түркістанды Ясауи атынан ажыратып қарай да мүмкін емес. Ақынды рухани басшы, "Әулие" санатан мұсылмандар тоғыз жүз жылдан бері оның ілімімен бірге жасап келді. Бүкіл шығысқа әмірдің жүргізген қолбасшысыАқсақ Темірдің ақынның қайтыс болғанына 200 жыл өткенде, қирап бітуге таянған кішкене ғана мазар орнына заулім ескерткіш орнатуы да тегін емес. Өйткені, мұсылмандардың ыстық ықыласына бөленген "Әулие" кісі құрметіне ғаламат ғимарат салдырған Әмір Темір дала адамдарының сеніміне кірудің жолын осылайша іздестірген еді. Бұл Орта Азияда теңдесі жоқ әсем ғимарат болды. XIV ғасырда салынған фажайыш құршыстың үлкендігі, қайталанбас сәулеттілігі әлі күнге дейін жұртшылықты тан қалдырумен келеді. Түркістан тек қазақ елінің ғана емес, бүкіл түркі жұртының зиярат жасайтын қастерлі орны[1].